

«Сейфуллин оқулары-14: Жастар, ғылым, инновациялар: цифрландыру – жаңа даму кезеңі» атты Республикалық ғылыми-теориялық = **Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения-14: Молодежь, наука, инновации: цифровизация – новый этап развития».** - 2018.- Т.1, Ч.2. - Б. 195-198

ЖЫНЫС ОРГАНДАРЫНЫҢ ЖАҒДАЙЫН, ЖЫНЫС РЕФЛЕКСТЕРІНІҢ КӨРІНІСІН ЖӘНЕ ҰРЫҚ САПАСЫН АНЫҚТАУ НЕГІЗІНДЕ ӨНДІРУШІ БҰҚАЛАРДЫҢ ҰДАЙЫ ӨНДІРУ ҚЫЗМЕТІ

Тыныс А.А., магистрант

Қазіргі уақытта мал шаруашылығын көтерудің негізгі міндеттері - өнім көлемін ұлғайту, сапасын жақсарту және алынған өнімнің өз құнын төмендету болып табылады [1].

Қазақстан Республикасындағы ірі кара малды асылдандыру және өнімділігін жақсарту үшін кең ауқымды іріктеуде Гольштейн, Англер, Симментал, Герефорд, Ангус және т.б. тұқымдарды қолданады.

Ауыл шаруашылығы өнімдерін арттыру мен мал шаруашылығы өсімін молайтудың маңызды шешімінің бірі болып андрологиялық әдістерді ұтымды пайдалану болып саналады [2]. Тәжірибе көрсеткендей, ветеринарлық қызметтің болмауынан, андрологиялық зерттеулердің дер кезінде жасалынбауы салдарынан, өндіруші бұқаларды жиі бақылаусыз көп пайдалану салдарынан оларда әртүрлі андрологиялық патологиялар, және де толық пайдалануға мүмкіндік бермей олардың уақыттан ерте тізімнен шығаруға тура келеді [3].

Осыған байланысты зерттеу мақсатымыз жалпы клиникалық зерттеулер, жыныс органдарын арнайы зерттеу, жыныс рефлекстерінің көрінісі мен ұрық сапасын зерттеу жолдары арқылы өндіруші бұқаларға баға беру болды.

Зерттеу нәтижелері мен талқылау. Өндіруші бұқалардың ұдайы өндіру қабілетінің функциясын анықтау үшін клиникалық зерттеулер, жыныс органдарын, жыныс рефлекстерінің көрінісін зерттеу және ұрық сапасына лабораториялық баға беру нәтижелері бойынша 4 топқа бөлінді. 1топ ұрықтандыруға қабілеті жоғары – ұрық сапасының қалыпты көрсеткішімен, шартсыз жыныс рефлекстерінің жарқын көрінуімен сипатталады. 2топ ұрықтандыруға қабілеті жақсы өндіруші бұқалар. 3топ ұрықтандыру қабілеті төмен өндірушілер – ұрық концентрациясы мен белсенділігі төмендеуімен, патологиялық спермийлер саны көбеюімен, эякулят көлемінің азаюмен және де жыныс рефлекстерінің аз көрінісімен сипатталады. 4топ ұдайы өндіру қабілеті нашар бұқалар – ұрық сапасы төмен, көлемі аз және жыныс рефлекстерінің тежелуімен сипатталатын бұқалар [4].

Жыныс органдарының жағдайын зерттеу нәтижесінде бұқалардың ішінен қазақтың ақбас тұқымының 91,6% ұрықтандыруға қабілеті жоғары, ал 8,4% ұрықтандыру қабілеті жақсы топқа жатады. Голштинофриз тұқымы

бойынша ұрықтандыруға қабілеті жоғары топқа 80%, қалған 20% ұрықтандыру қабілеті жақсы топқа жатады. Абердин-ангус тұқымының 33,3%-ы 1-топқа, яғни ұрықтандыруға қабілеті жоғары, ал 66,7% ұрықтандыру қабілеті жақсы. Бұқалардың Шероле, Герефорд, Симментал тұқымдары морфологиялық және физикалық көрсеткіштері бойынша ұрықтандыруға қабілеті жоғары бұқаларға жатады.

Өндіруші бұқалардың жыныс рефлекстерін зерттеу нәтижесі бойынша қазақтың ақбас тұқымының 58,4%-ы, голштинофриз тұқымының 80%-ы және симментал тұқымының 100%-ның жыныс рефлекстерінің көрінісі жарқын, эрекциясы ұрық алатын орынға жақындаған кезде тез 1-2 секунд ішінде байқалады. Сол себептен бұл бұқаларды 1 топқа, яғни ұрықтандыру қабілеті жоғары топқа жатқыздық. Екінші топқа ұрықтандыру қабілеті жақсыларға қазақтың ақбас тұқымының 33,3%-ы, голштинофриз тұқымының 20%-ның эрекциясы станокқа жақындағаннан кейін 30 секунд ішінде көрінеді. Шағылысу рефлексі екінші секіруден кейінгілер болады. Жыныс рефлекстерінің байқалуына байланысты ұрықтандыру қабілеті төмен бұқаларға герефорд және абердин-ангус тұқымы жатқызылды, өйткені эрекция рефлексі станокқа жақындағаннан соң 1-2 минуттан кейін ғана байқалады. 4 топқа жыныс рефлекстерінің тежелуімен, яғни эрекция, құшақтасу және шағылысу рефлекстері 2-3 минуттан соң әлсіз секіруімен байқалады және де бөлінетін ұрық көлемі аз. Осындай көрсеткіштермен 1 бас қазақтың ақбас және шероле тұқымы жатқызылды.

Ұрық сапасын зерттеу нәтижесіне сүйене отырып қазақтың ақбас тұқымы 25% (n=3) мен 1 бас симментал тұқымы кем дегенде 3 мл көлемінде эякулят берді, спермийлер концентрациясы 0,9млрд/мл кем емес, ал қозғалысы 8 балдан көп. Бұл бұқалардың ұрықтандыру қабілеті жоғары. Ұрықтандыру қабілеті жақсы бұқалардың эякулят көлемі кем дегенде 2 мл, спермийлер концентрациясы 0,8млрд/мл-ден көп және олардың қозғалысы 8 балдан көп емес бұқаларға голштинофриз тұқымымен 60% (n=3) қазақтың ақбас тұқымы 50% (n=6) жатады. Ұрықтандыру қабілеті төмен топ: эякулят көлемі 2 мл-ден кем, спермийлер концентрациясы 0,8млрд/мл-ден кем емес және спермийлер қозғалысы кем дегенде 7 балл болатын голштин тұқымын 40% (n=2), абердин-ангус тұқымы 100% (n=3) мен қазақтың ақбас тұқымды 16,6% (n=2) бұқаларын жатқыздық. Ұдайы өндіру қабілеті нашар немесе белсіз бұқаларда эякулят көлемі аз, спермийлер концентрациясы мен қозғалысы нашар 1 бас қазақтың ақбас тұқымы, шероле және герефорд тұқымдарының бұқалары кірді.

Андрологиялық зерттеу әдістерін қолдану арқылы өндіруші бұқалардың жыныс органдарының жағдайы, жыныс рефлекстерінің көрінуі мен ұрық сапасы анықталды. Нәтижесінде өндіруші бұқалардың репродуктивті функциясына баға беріліп, олардың ұрықтандыру қабілеттеріне қарай жоғары, жақсы, төмен және нашар топтарға бөлінді (кесте 1).

Кесте 1 – Андрологиялық зерттеу нәтижесі бойынша өндіруші бұқаларға баға беру

Көрсеткіштер	Тұқымы	n	ТОП			
			I	II	III	IV
Жыныс органдарын зерттеу	Ақбас	12	11	1		
	Голштинофриз	5	4	1		
	Абердин-Ангус	3	1	2		
	Симментал	1	1			
	Шероле	1	1			
	Геррефорд	1	1			
Жыныс рефлекстерін зерттеу	Ақбас	12	8	4		1
	Голштинофриз	5	4	1		
	Абердин-Ангус	3			3	
	Симментал	1	1			
	Шероле	1				1
	Геррефорд	1			1	
Ұрық сапасын зерттеу	Ақбас	12	3	6	2	1
	Голштинофриз	5		3	2	
	Абердин-Ангус	3			3	
	Симментал	1	1			
	Шероле	1				1
	Геррефорд	1				1
Бұқаларды үш зерттеу бойынша бөлу	Ақбас	12	7	3	1	1
	Голштинофриз	5	2	3		
	Абердин-Ангус	3			3	
	Симментал	1	1			
	Шероле	1				1
	Геррефорд	1				1

Барлық өндіруші бұқалардың (n=23) андрологиялық зерттеулер нәтижесі бойынша ұрықтандыру қызметіне баға берілді. Ұрықтандыруға қабілеті жоғары бұқаға – ұрық сапасының қалыпты көрсеткішімен, шартсыз жыныс рефлекстерінің жарқын көрінуімен сипатталған бұқаларға симментал тұқымы n=1, голштинофриз тұқымы n=2 және қазақтың ақбас тұқымы n=7. Ұрықтандыруға қабілеті жақсы өндіруші бұқаларға голштинофриз тұқымы n=3 мен ақбас тұқымдары n=3 бөлінді. Ұрықтандыру қабілеті төмен өндірушілерге ұрық концентрациясы мен белсенділігі төмендеуімен, патологиялық спермийлер саны көбеюімен, эякулят көлемінің азаюмен және де жыныс рефлекстерінің аз көрінісімен сипатталды. (спермийлердің

ұрықтандыру қабілеті 60%-дан аз) (ақбас тұқымының n=1 және абердин-ангус тұқымының n=3). Ұдайы өндіру қабілеті нашар топқа – ұрық сапасы төмен және жыныс рефлекстерінің тежелуімен сипатталатын шероле, герефорд және қазақтың ақбас тұқымдардың бір-бір бастан бұқалар кірді.

3 және 4 топқа кірген өндіруші бұқалары емдеуді қажет етеді.

Қорытынды. Өндіруші бұқаларға клиникалық зерттеулер, жыныс органдарын арнайы зерттеу, жыныс рефлекстерінің көрінісін зерттеу және ұрық сапасына лабораториялық зерттеу нәтижелері бойынша барлық өндіруші бұқалардың (n=23) ішінен 16 (69,6%) бұқа ұрықтандыруға қабілеті жоғары және жақсы, 4 бұқа ұрықтандыру қабілеті төмен өндіруші бұқаларға, яғни жыныс рефлекстерін қалпына келтіру және ұрық сапасын жақсарту керек. Ал қалған 3 өндіруші бұқалармен бедеулікке қарсы ветеринарлық шаралар қолдану қажет.

Әдебиеттер тізімі:

1. Воронина И.И. Андрологическая диспансеризация быков-производителей: Методикалық рекомендация /Под ред. М.: Россельхозиздат, 1984. -47 б.
2. Медведев, Г.Ф. Физиология и патология репродуктивной системы крупного рогатого скота: Монография /Г.Ф. Медведев, Н.И. Гавриченко. - Горки: Белорусская государственная сельскохозяйственная академия, 2006. - 216 б.
3. Singh, N. et al., Morphological evolution through integration: A quantitative study of cranial integration in Homo, Pan, Gorilla and Pongo. // Journal of Human Evolution.- №1. –Р. 155-164б.
4. Колчина А.Ф., Барашкин М.И. Андрологическая диспансеризация племенных быков-производителей: Методические указания. Екатеринбург, 2011. 17-21б.

*Ғылыми жетекшісі:
Ветеринария ғылымдарының докторы,
профессор Жақытов И.Т.*